



# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

## ЕЛБАСЫНЫ ТАҢДАУ – сайлаушыларға үлкен жауапкершілік

*Отандық саясаттанушылар мен сарапшылардың пайымдауынша, Қазақстан Президентінің референдумның орнына кезектен тыс сайлау өткізу туралы бастамасы ірі саяси шешім болды. Мұны әлемдік саяси тұлғалар да көреген даналыққа теңеп отыр. ЕҚБҮ Бас хатшысы Марк Перрен «Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қатысушы елдер жалтыға ортақ халықаралық стандарттарға сай келетін» ресми Астананың осынау шешіміне қатысты Нұрсұлтан Назарбаевты қолдап отырғандығын айтады.*



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін 2020 жылдың 6 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі референдумды өткізбеу туралы шешім қабылдап, оның орнына мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы Парламентке ұсыныс енгізгені белгілі. Осы орайда, 31 қаңтарда Ақордада Қазақстан халқына арнаған Үндеуінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Бір жағынан, мен сайлаушылардың басым көпшілігін құрайтын бүкілхалықтық бастаманы кері қайтара алмаймын. Мәселенің екінші қыры, мен Елбасы және Конституцияның кепілі ретінде болашақ саясаткерлерге

жаңылыс бағыт сілтейтін іске жол бере алмаймын. Сондықтан, мені халық дұрыс түсінеді деп сенемін. Біз бұл жайтты жай «қабылдау немесе бас тарту» ретінде емес, өмірдің өзі ұсынған демократияның тарихи сабағы деп қабылдағанымыз жөн. Бұл – Елбасы мен халықтың Ата заңға адалдығын бағамдайтын тағылымды дәріс. Демократиялық жолмен сайланған тұңғыш Президент ретінде еліміздің биік мүдделерін басшылыққа ала отырып, мен референдум өткізбеу туралы шешім қабылдадым. Жұртшылықты бөлетін «референдум әлде сайлау» деген таңдаудың орнына мен халқымыздың еркі мен демократиялық қағидаттарға

адалдығын ескеретін және бізді біріктіретін жолды ұсынамын. Мен өкілеттігімнің екі жылға қысқаратынына қарамастан, мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы ұсыныс енгіземін. Тиісті Заң Парламентке ұсынылады», - деген еді. Нәтижесінде алдағы сәуір айының 3-ші жұлдызы Қазақстан Республикасының Президентін сайлау күні деп белгіленді. Сондықтан, бұл сайлау тарихи маңызы бар, саяси салмақты оқиға. Қазірде сайлауды науқанға дайындық жұмыстары жүргізіліп, президенттікке үміткер кандидаттарды тіркеу өтіп жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)

Открывая очередное заседание ректората, ректор университета, академик Галымкаир Мутанов отметил, - «Ежегодное Послание Главы государства Нурсултана Назарбаева посвящено социальной модернизации страны, созданию условий для формирования и развития человеческого капитала. Выполняя свою главную миссию - осуществлять качественную подготовку специалистов, мы не должны забывать об ответственности перед обществом за формирование, духовно и нравственно полноценной личности».

### Мы должны развивать человеческий капитал

Одним словом, выпускник КазНУ должен быть не только высококлассным профессионалом, но и обладать высокой общей духовно-нравственной культурой, быть активным гражданином и служить интересам своего народа. От того, как мы воспитаем сегодня молодежь, какие ценности заложим в ее сознание, зависит будущее нашей страны.

Казахстан уверенно идет по пути формирования инновационной экономики, экономики знаний. Качественное образование должно стать основой индустриализации и инновационного развития страны. И для того, чтобы КазНУ органично вошел в этот процесс, необходима его трансформация в национальный исследовательский университет. Именно такие вузы должны формировать человеческий капитал для реализации задач, поставленных в Послании Главы государства, стать основой экономической и социальной модернизации страны.

Социально-гуманитарный кластер такого университета должен быть нацелен на разработку современных социальных и гуманитарных технологий, которые бы помогли решать важные для инновационного развития страны задачи.

Первый шаг в этом направлении сделан. По инициативе ректора университета создан Гуманитарный совет по развитию приоритетных направлений в области гуманитарных наук. Совет должен стать постоянной диалоговой площадкой для обсуждения и решения проблем гуманизации и гуманитаризации образования.

Главной задачей Гуманитарного совета ставится поиск эффективных форм и методов воспитания студентов, привитие им духовно-нравственных и культурных ценностей. Кроме того, совет должен в ближайшее время определить ориентиры дальнейшего развития социально - гуманитарных факультетов и кафедр, основных направлений гуманитарных исследований.

Любое образование теряет смысл, если в результате него теряется человек. И перед вузом стоит большая задача - построить модель формирования высококвалифицированного специалиста и духовно развитой личности, отвечающую требованиям современного исследовательского университета.

Алия ДЕМЕСИНОВА

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

Подписано соглашение о сотрудничестве РФЦА



2-бет



5-8-беттер

ҚазҰУ студенті қандай болу керек?



9-бет



## Ректорат нені қарады?

7 ақпан күнгі ректораттың кезекті отырысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ұжымдық мәдениетті арттыру жолдары мен білім беру саласын ізгілендіру тетіктерін қарастырды. Осыған байланысты, басты баяндаманы философия және саясаттану факультетінің деканы Ақтолықын Құлсариева жасады.

Гуманитаризация – пісіп-жетілген жеке тұлғаның қалыптасуына апаратын бірден-бір дамыған бағыт. Білім беруді ізгілендіруінің құралдары: білім беру саласын гуманитаризациялау; пәнаралық байланыстарды дамыту; білім беру жүйесін қалыптастыру; гуманистік идеалға сәйкес жеке тұлғаның еріктілігі; әлеуметтік әділдік және адами құндылықтар болып жіктеледі. Осы орайда, философия және саясаттану факультетінің деканы Ақтолықын Құлсариеваның «Ұжымдық мәдениеттегі білімнің гуманитаризациясы» атты баяндамасында білім беру



## Подписано соглашение о сотрудничестве РФЦА

Ректор КазНУ им. аль-Фараби Галымкаир Мутанов и Председатель Агентства РК по регулированию деятельности регионального финансового центра г. Алматы (РФЦА) Аркен Арыстанов подписали договор о сотрудничестве в сфере образования.

Договор о сотрудничестве предусматривает совместное проведение исследований по проблемам финансового рынка, подготовку научных публикаций, организацию бизнес-тренингов и курсов повышения квалификации, конференций, обмен научной информацией, исследовательскими и аналитическими работами.

А.Арыстанов подробно рассказал о деятельности РФЦА, ходе реализации программы повышения инвестиционной культуры и финансовой грамотности населения, основных направлениях развития казахстанского рынка ценных бумаг.

В своем выступлении ректор КазНУ

Г.Мутанов отметил, что в вузе открыт Центр экономических исследований, в ближайших планах создание современной студенческой биржи, на базе которой студенты будут на практике изучать основы рынка ценных бумаг и финансовых услуг.

В процесс сотрудничества будут активно вовлечены не только преподаватели, но и студенты, магистранты и докторанты университета, которые выполняют научные исследования, ориентированные на потребности современного финансового рынка.

В подписании договора приняли участие руководитель аппарата РФЦА – Нуржан Кабиев, декан Высшей школы экономики и бизнеса КазНУ Баян Ермекбаева, директор Центра экономических исследований – Римма Сагиева, профессора и ведущие ученые университета.


Пресс-служба КазНУ

Соб.к.к.рр.

## ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ педагогикалық тенденциялар қаралды

Студентті оқытып, маман даярлау үшін оқытушы алдымен оқу үдерісінің дұрыс жүргізілуін жетік меңгеруі керек. Бұл тұста педагогикалық қабілеттілік пен ұстаздық өрелік қажет. Мұндай кәсібилікке бірден бір себеп болатын орта педагогикалық кафедра. Философия және саясаттану факультетінің жалпы және этникалық педагогика кафедрасының 70 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған алқалы жиын осы қағиданы дәлелдей түсті.

8 ақпанда өткен «Классикалық және зерттеушілік университеттердегі педагогика: даму келешегі, болмысы және тенденциялары» тақырыбындағы дөңгелек үстелге п.ғ.д., А.И.Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры С.Ю.Трапицын, ҚР Педагогика ғылымдары академиясының президенті, Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі, профессор А.Құсайынов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Л.Керімов, Білім беру жүйесі басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын Республикалық институттың директоры, профессор Г.Ахметова бастаған педагог ғалымдар мен кафедраның ардагер ұстаздары қатысты. Дөңгелек үстелдің алғы сөзін алған философия және саясаттану факультетінің деканы Ақтолықын Тұрлыханқызы келген қонақтарға алғысын жеткізіп, жалпы және этникалық педагогика кафедрасына деканат атынан ноутбук сыйға ұсынды. Факультет деканы Ақтолықын Құлсариева: «Ардагер ұстаздарымызды осы факультеттің киесі деп санаймыз. Сіздер маман даярлауда ізгі жол қалыптастырып бердіңіздер», - деген лебізімен бөлісіп, талай жылдар бойы аталмыш кафедрада еңбек етіп, маман



тәрбиелеуде аянбай тер төккен ардагер педагогтарды «Құрмет грамотасымен» марапаттады.

Дөңгелек үстелде «Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ педагог-ғалымдарының қосқан үлесі», «Педагогика кафедрасының қалыптасып, дамуына тарихи шолу» сияқты бірнеше тақырыптарда баяндамалар оқылып, педагогтар жиын барысында ой-пікір алмасты.

«Бұл кафедра жастарды тәрбиелеуде өте жоғары маңызға ие. Болашақ маманды қалай оқыту керек, студент бойына қандай қасиеттерді сіңіріп, нені үйретуді басты назарға ұстаған жөн деген сияқты тәрбие сауалдарына жауап беретін бірден бір орта – осы кафедра. Бұл кафедраға бүгін 70 жыл толып отыр. Осы ғұмырында педагогика саласында білікті мамандар даярлап, республикалық, әлемдік деңгейде ғалымдар қалыптастырды. Бұл кафедра тәрбие саласына аса мән беруімен құнды», – деп пікір білдірген Білім беру жүйесі басшы және ғылыми-

## Обсуждая Послание

В КазНУ им. аль-Фараби в рамках мероприятий, посвященных 20-летию независимости Казахстана, прошла встреча слушателей военной кафедры с членом Ассамблеи народа Казахстана, Совета ветеранов Краснознаменного Среднеазиатского военного округа и Вооруженных сил РК полковником в отставке Казбеком Мамсуровым.

Главной темой встречи стало обсуждение основных положений Послания Президента РК «Построим будущее вместе», а также вопросы воспитания казахстанского патриотизма. Гость рассказал о реализации задачи, поставленной Президентом-Верховным Главнокомандующим Вооруженными Силами РК Н.Назарбаевым, по созданию компактной, мобильной, оснащенной и обученной современной армии, о требованиях, предъявляемых к защитнику Родины и современному офицеру казахстанской армии.

Во время встречи К.Мамсуров ответил на вопросы студентов, привел примеры из своего профессионального опыта.

Начальник военной кафедры полковник Олег Степаненко от имени руководства университета вручил К.Мамсурову благодарственное письмо и выразил признательность за активное участие в деле патриотического воспитания молодого поколения.



саласын ізгілендірудің басты басымдықтары қаралып, корпоративті мәдениетті көтеру мәселелері жан-жақты ортаға салынды. Жоғарыдағы мәселелер білім беру саласын ізгілендіруде атқарылар іс барысында айрықша назарға алынбақ.

Тақырыпқа тұздық ретінде Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева білім гуманитаризациясына қатысты атқарылатын шаралар жобасын таныстырып өтті. ҚазҰУ-дағы білім гуманитаризациясы мен гуманитаризациясы аясында, гуманитарлық ортаның қалыптасуы, студенттердің қоғамдық және спорттық қызығушылықтарын арттыру, рухани өнеге, патриоттық тәрбиені ілгерілету бағытында әл-Фараби мұражайын дамыту секілді т.б. бірқатар күрделіліктер жобада жан-жақты қамтылды. «Студенттік өзін-өзі басқаруды жан-жақты қолдау, студенттерді тарта отырып, оқу конференцияларын өткізу, жыл сайын факультетаралық гуманитарлық оқулар өткізу, ҚазҰУ студенттері оқитын міндетті саналатын гуманитарлық әдебиеттер тізімін жасау, ҚазҰУ және ондағы оқытушы имиджін жақсартуда «Өнегелі өмір» сериялы үздік оқытушылар өмірі туралы кітаптар мен деректі фильмдер шығару жоспарда бар» - деді проректор Шолпан Жаманбалаева.

Ректораттың келесі бөлігінде сөз алған бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев классикалық университетті ұлттық зерттеу университетіне айналдыру бағдарламасымен таныстырды. «Зерттеу университеті бұл білім, ғылым және инновациялық өндірісті заманауи интеграциялау қалыбы» деген бірінші проректор әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды Ұлттық зерттеу университетіне айналдыру барысында назарға алынатын басты мақсат-міндеттер туралы сөз етті.

**P.S.** Ректорат мәжілісінің соңында Мюнстер қаласындағы Вестфальдық Вильгельм университетінде дәріс оқып қайтқан тарих факультеті дүниежүзілік тарих кафедрасының меңгерушісі Қалқаман Жұмағұлов іссапарының есебі тыңдалды. Тыңдаушыларды баяндамадағы Вильгельм университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен құрылымдық ерекшеліктері қатты қызықтырды.

Әлия ДЕМЕСІНОВА

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

# Елбасыны таңдау – сайлаушыларға үлкен жауапкершілік

(Басы 1-бетте)

Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет Президент сайлауы осыдан 20 жыл бұрын бастау алған болатын. Осы аралықтағы өткізілген түрлі мерзімді сайлау нәтижесінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жеңіске жеткені белгілі. Қазірде оның елді жарқын болашаққа баптап келе жатқандығын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Қазақстанның тәуелсіздік тарихының алғашқы па-

рақтары тұңғыш президент атқарған толағай табыстармен бастау алатындығы қоғамға аян. Сайлау сайын жеңіске жетіп, халықтың зор ықыласы мен сеніміне арқау аманатты Елбасының өз дәрежесінде атқарып келе жатқандығын сарапшылар да айтады. Яғни, қоғам алдағы бесжылдық, онжылдық даму бағдарламаларының да өз нәтижесі болатындығына күмәнсіз қарайды. Бұл алдағы науқанда өзге президенттікке үміткер азаматтарға зор сая-

си шығын әкелетін «көздір». Мәселен, «біреу қыз алып қашады, ал біреу бекер қашадының» керін келтірмес үшін Бәйменов, Нәрікбаев сынды кейбір азаматтардың сайлауға түсуден бас тартуы нақты осыдан екені анық. Бірақ, «алдағы сайлау не береді?» дегенде бір нәрсенің түбі белгілі. Ол – алдағы сайлаудың саяси сабақ беретін демократиялық құндылығы.

Сонымен, даму бағытының даңғыл жолына түскен Қазақстан алдағы сайлау

арқылы өз көшбасшысына тағы да таңдау жасайды. Ең негізгісі, көштің бұрыс кетпеуін қадағалайтын жұртшылық осы жерде өз белсенділігін танытуы керек. Бұл оның демократиялық құқығы ғана емес, халық билігінің үстемдігін көрсетіп, өз мемлекетінің мүддесіне немқұрайды қарамайтындығын айғақтайтын сәт. Сондықтан, сайлауда кездесейік...

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



пікір&мнение

пікір&мнение

пікір&мнение

## В интересах народа и демократии

Внеочередные выборы Президента Республики Казахстан, назначенные на 3 апреля текущего года, являются одним из показателей демократизации казахстанского общества.

Приняв решение о проведении досрочных выборов, Глава государства идет на досрочное сокращение своих полномочий. Это говорит о его готовности к конкурентной борьбе и уверенности в проводимой им государственной политике.

Совершенно очевидно, что принятое Президентом страны решение неукоснительно следует букве закона и продиктовано исключительно интересами народа. Безусловно, предстоящие внеочередные выборы Президента РК станут новым этапом политического развития нашего государства.

Данные события имеют важное историческое значение для построения демократического Казахстана. Народная инициатива показала возросшую активность казахстанцев и вы-

сокий уровень поддержки Нурсултана Назарбаева. Тем самым было продемонстрировано, что вопреки скептикам, в республике сформировалось и окрепло гражданское общество, обеспечивающее надежную связь власти и общества, способное оказывать влияние на выбор дальнейшего курса развития страны.

Как известно, решение Главы государства о проведении досрочных выборов было поддержано мировым сообществом. В частности, этот шаг встретил одобрение со стороны руководства ОБСЕ. Председатель Палаты представителей Федерального Парламента Бельгии Андре Флао во время встречи с послом РК в данной стране Ериком Утембаевым отметил, что решение Президента РК учитывает волю народа Казахстана и ярко демонстрирует приверженность нашей страны демократическим принципам и соблюдению международных обязательств. Это свидетель-

ствует о повышении международного авторитета и имиджа Казахстана.

В конце прошлого года Казахстану, как председателю ОБСЕ, впервые за 11 лет удалось созвать Саммит Организации и подписать Астанинскую декларацию. С начала года наша страна председательствует в **Организации Исламская Конференция**. Мы успешно провели Азиаду-2011. Одним словом, Казахстан занял свое достойное место в мировом сообществе, став государством, которое в политическом и социальном плане стремится к благополучию и прогрессу.

Достигнутые за 20 лет независимости Казахстаном результаты позитивно восприняты как внутри страны, так и на международном уровне. На сегодняшний день казахстанская модель развития считается одним из наиболее наглядных примеров эффективного строительства современного демократического государства.



С.Ж.САПАНОВ,  
т.ғ.д., халықаралық қатынастар және ҚР сыртқы саясаты кафедрасының доценті

## Сайлау – демократияның көрінісі

Қазақстан өзінің демократиялық қоғам құру жолындағы жаңа кезеңіне өтуде. Елбасы өзінің президенттігінің мерзімін саяси референдум арқылы ұзартуға көнбей, оның орнына кезектен тыс Президенттік сайлау өткізу ұсынысы қоғам ішінде және халықаралық қауымдастық тарапынан қызу талқыланды. Жетекші БАҚ Қазақстан Президентінің бұл шешімін демократияның айқын көрінісі деп бағалауда.

Президенттік сайлау өткізудің Қазақстанда өзіндік тарихы бар. 20 жыл ішінде Қазақстанда Президенттік және Парламенттік сайлау өткізудің белгілі дәрежеде тәжірибесі жинақталды деп атауға болады. Қазақстанда осыған дейін өткізілген саяси сайлаулар халықаралық қауымдастық тарапынан өзінің оң бағасын алды. Біздің елде 1991 жылдан бергі өткізілген барлық сайлауларда өрескел сайлау тәртібін бұзушылық тіркелмеді.

Әрине, кейбір жағдайда атқарушы биліктің әкімшілік ресурстарды артық пайдалану фактілері тіркелді деп бізді сынағандар болды. Бірақ бұл әдіс тек Қазақстанға ғана тән емес, жалпы барлық посткеңестік саяси кеңістігінде тіркелген жағдай екенін ескеру керек. Себебі КСРО тоталитарлық жүйесі ыдырағаннан кейінгі кезеңде, саяси элита арасында жаңа демократиялық жүйе өзінен-өзі қалыптаса қояды, оған тек батыстық стандарттарды сәйкестендірсек болды деген жалған пікір, эллюзия қалыптасқан болатын. Алайда Тәуелсіз Мемлекеттердің дамуы бұны жоққа шығарды.

Қазақстан «алдымен экономика сосын саясат» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, экономикасы тұрақты мемлекетте саяси реформаларды жүргізу қаншалықты тиімді екендігін дәлелдеп отыр.

2011 жылдың 3 сәуіріне белгіленген кезектен тыс Президенттік сайлау «демократиялық плюрализм» принциптеріне сәйкес өтетініне және онда «Нұр Отан» демократиялық партиясының өкілі, елбасы Н.Ә.Назарбаев жеңіске жететіндігіне ешкімнің күмәні жоқ шығар, мәселе басқада. Мәселе осы сайлауда жаңа саяси ұстанымы бар, болашақ саясаткердің пайда болуы мүмкін бе, немесе біз «баяу», бірқалыпты, бәсекесіз сайлаудың куәгері боламыз ба деген мәселеде болып отыр. Қазіргі күні сайлауға қатысуға ниет білдірген үміткерлердің ішінде саяси белсенді елдің тағдырын шеше алатын саясаткерді өкінішке орай көріп отырған жоқпын. Көбінесе «саяси белгісіз» үміткерлер тіркелуде. Бұл да болса Қазақстанда әлі күнге дейін саяси мәдениеттің қалыптаспағандығының айқын көрінісі болса керек.

Қазақстан өркениетті, зайырлы, шынайы демократиялық мемлекетке айналу үшін саяси мәдениеттің қаншалықты маңызды екендігі осы орайда айқын көрінеді.

Дегенмен де саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеу негізінде дамып отырған елде саяси мәдениет те қалыптасатындығы сөзсіз. Оған тек қана уақыт керек.

пікір&мнение

пікір&мнение

пікір&мнение

## Выборы - как фактор объединения казахстанцев

В декабре прошлого года представители казахстанской общественности предложили продлить на референдуме полномочия Президента страны Нурсултана Назарбаева до декабря 2020 года и отказаться от предстоящих выборов в 2012 году. Сторонники этой идеи организовали и провели форум в г.Усть-Каменогорске, их инициативу поддержали выступившие на форуме общественные деятели, после чего делегаты собрания единогласно проголосовали за проведение референдума и объявили о начале работы по сбору подписей в регионах.

К 5 января текущего года в поддержку инициативы было собрано более пяти миллионов подписей (55,2 % от общего числа граждан Казахстана, имеющих право участвовать в ре-

спубликанском референдуме).

Многие видные казахстанские деятели, представители политических партий и общественных движений убеждали Президента согласиться на референдум. Перед Главой государства встал не простой вопрос, который требовал взвешенного и мудрого решения, соблюдения конституционных норм и волеизъявления народа. Поэтому решение провести внеочередные президентские выборы - стало неким компромиссом в сложившейся ситуации, в которой Нурсултан Назарбаев поступил как опытный и дальновидный политик, поставивший во главу угла интересы нации.

Зарубежное сообщество дало высокую оценку данному решению, считая его убедительным свидетельством твердой

приверженности Президента Казахстана ценностям демократии, неукоснительного соблюдения и уважения Конституции РК.

В частности, Верховный представитель Европейского союза по внешней политике и политике безопасности Кэтрин Эштон отметила, что уважая фундаментальные права, обеспеченные действующей Конституцией, Президент Н.Назарбаев сделал выбор руководствуясь долгосрочными интересами Казахстана. Схожее мнение высказал и действующий председатель ОБСЕ - министр иностранных дел Литвы Аудрунас Ажубалис, поддержав решение Нурсултана Назарбаева не проводить референдум по продлению полномочий Первого Президента Казахстана.

Л.М. ИВАТОВА,  
доктор политических наук, профессор, заведующая кафедрой политологии факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби

А.К. ЖОЛДУБАЕВА,  
доктор философских наук, КазНУ имени аль-Фараби



# ЧАС В МУЗЕЕ...

КУРАТОРСКИЙ ЧАС

**Как проводить кураторский час, чтобы он стал интересным и полезным для студента, способствовал нравственному росту и развитию творческих способностей молодого человека? Этот вопрос сегодня волнует в Казахском национальном университете им. аль-Фараби - руководство вуза, кураторов-эдвайзеров, да и самих студентов.**

Ректор университета Галимжаир Мутанов на очередном заседании ректората рекомендовал шире задействовать в воспитательном процессе богатый ресурсный потенциал нового музея, регулярно проводить на его базе кураторские часы для студентов, особенно первокурсников. Слова ректора не расходятся с делом. Он первым показал пример и 9 февраля провел кураторский час с

первокурсниками механико-математического факультета (ИШ-10-11А) в музее.

Нравственное воспитание в пространстве музея - это воспитание многомерной историей, призванной побуждать к размышлению, формировать бережное отношение к прошлому своего вуза как способу понимания его современного этапа развития.

Перешагнувшая свой 75-летний рубеж история университетского созидания достойно представлена пятью тысячами исторически ценных документов и редких музейных экспонатов. В едином ансамбле она предстает перед посетителями в галерее истории, залах Славы, современности и перспектив развития университета.

Музей очень точно передает жизненную энергетику своих «героев», показывая их сквозь призму профессиональных реализаций. Ведь это так важно для молодого человека - увидеть «этапы боль-



шого пути» своей Alma Mater, узнать о выдающихся ученых, создавших научные школы, познакомиться с деятельностью ректоров университета разных лет, порадоваться успехам его многочисленных выпускников.

Первокурсники с восхищением слушали волнующий рассказ экскурсовода о наследии аль-Фараби, с гордостью изучали материалы комплекса «Независимый Казахстан», посвященного Первому Президенту РК Н.А. Назарбаеву.

Музейное собрание зала современности наглядно де-

монстрирует возможности нашего университета в создании инновационных знаний и технологий будущего. О замечательных перспективах, связанных с генеральным планом развития университета до 2020 года, путях трансформации КазНУ им. аль-Фараби в исследовательский университет увлеченно рассказал сам ректор.

Кураторский час в музее достиг поставленной цели. Диалоговый формат экскурсии и экспозиционное решение музея ориентируют студентов на откровенный

разговор, приобретение личностного опыта, пробуждают интерес к науке, заставляя задумываться, сопереживать, делать свой гражданский выбор.

Ректор университета одобрил разрабатываемые сотрудниками музея методические подходы к практике ведения кураторских часов, предполагающие различные по тематике экскурсионные маршруты, показ тематических видеороликов, организацию передвижных выставок, интерактивных бесед со студентами.

В развитии самого музея Галимжаир Мутанович видит большое будущее. Нас ждут впереди новые проекты по созданию музея аль-Фараби, работе с первоисточниками, публикациями монографических изданий. Есть серьезный задел для разработки виртуальной версии музея, создания Ассоциации вузовских музеев Казахстана и вхождения музея КазНУ в международные музейные организации.

**Тамара ТАЖИБАЕВА,**  
директор музея КазНУ  
им. аль-Фараби

# КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕР – студенттік өмірдегі басты тұлға



**ТӘРБИЕ** Студент үшін куратор-эдвайзер – жетекші тұлға. Куратор кешегі мектептен келген, әлі «жасыл» студентті жоғары оқу орнымен, оның ережелерімен, оқу үдерісінің тәртібімен таныстырады. Куратор кешегі оқушыны студенттік өмірге бейімдеп, енді ғана құрылған ұжымды жұмылдырып, әрбір студенттің білім ошағында қанатын жаюға, топ ішінде өзін жайлы сезінуіне көмектеседі. Оқытушылар мен студент арасында дұрыс қатынас болуына атсалысады. Куратор қызметі өте қажет, өйткені ол студент үшін дұрыс бағыт беруші бағдаршам бола алады.

өмірінде куратор-эдвайзердің рөлі зор. Осы орайда ҚазҰУ-да куратор-эдвайзер жұмыстарын жетілдіру алға қойылды. Университетте кураторлық кеңес жұмыс істейді. Сонымен қатар осы тәрбиешілердің жұмыс нәтижесіне қолдау ретінде Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен куратор-эдвайзерлерге арналған әдістемелік құралдар таратылуда. Сонымен бірге департаменттің сайтында әдістемелік құралдар жаңартылып, толықтырылып отыруы студентпен жұмыс барысында куратор-эдвайзерге таптырмас көмек болып табылады.

Әлеуметтік сауалнама жүргізу мәліметтеріне сүйенсек, 53%-ға жуық бірінші курс студенті куратор жұмысының қажеттілігін сезінеді екен. Бұл пікірді 36% төртінші курс студенті де қолдайды. Куратор-эдвайзер, негізінен, оқу үлгеріміне байланысты (6,8%), денсаулығына байланысты (4,8%), жеке басына байланысты мәселелердің (4,9%), курстастарымен қарым-қатынастарын түзеуге байланысты (5,8%), факультеттің қоғамдық жұмыстарына араласу үшін (19,1%), курстық және ғылыми жұмыстарын рәсімдеуге көмек (3,2%), оқытушылармен болған келіспеушілік жағдайларды шешу (2,8%) мәселелеріне

араласады. Егер куратор-эдвайзер болмаса студенттік өмірге үйрену 29,6% студентке қиын болар еді, адаммен араласу мүмкіндігінен айырылатын студенттер 12%, оқудың алғашқы айларында қиын болатындар 12%-ды құрайтын еді. Жоғарыда аталған нәтижелерге сүйенсек, студенттердің басым бөлігі куратордың қажеттігін растайды. Оның жұмысы бағалы және қажет.

«Куратор» сөзінің өзі көмек қолын созатын, бағыт-бағдар беретін деген мағынаны білдіреді. Сондықтан осы анықтамаға мейлінше жақындай отырып, оқытушы өз нәтижесіне жетеді. Жақсы педагог әрі жақсы куратор болу үшін, алдымен, кураторлық жұмысты өз деңгейінде орындап, әрбір куратор алдына мақсат қоя отырып, сол мақсатын студенттер мақсатымен сәйкестендіре орындау керек.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әр факультетінде кураторлық-эдвайзерлік жұмыс жақсы жолға қойылған. Көпшілік ұғымындағы куратор-эдвайзер тәрбие жұмысымен қатар академиялық бағыт-бағдарын тандауға кеңесші болуымен ерекшеленеді. Куратор-эдвайзер топ студенттерімен етене араласа отырып, олардың оқу үрдісіне сәйкес кредиттік

технология ережелеріне сай мамандықтарына қажетті пән таңдауда бағыт-бағдар берумен бірге, сол топ мүшесіндей студенттік топ өмірімен тығыз байланысты қызмет атқаруда. Университетте жақсы жолға қойылған «Универ» жүйесі де куратор-эдвайзерлердің жұмыстарына көп көмек беруде. Атап айтсақ, бүгінгі таңда куратор-эдвайзер мен студенттің ата-анасы да «Универ» жүйесі арқылы үлгерімін қарап, бақылау жасай отырып, дер кезінде бағыт-бағдар беруге мүмкіндігі бар. Яғни ата-ана баласының «универ» жүйесіндегі жеке парағына еніп, қадағалай алса, куратор-эдвайзер жүйедегі эдвайзер деген бетшеден үлгерім журналы арқылы студенттерінің оқу үлгерімі туралы ақпарат ала алады.

Әрине, куратор-эдвайзерлердің жұмысы бірсарынды болмауы керек, яғни студенттердің спортқа, ғылымға, өнерге бейімділігі немесе қызығушылығына қарай бағыттталып отыру керек. Университеттегі ғылыми-зерттеу, инновациялық бағдарламалар мен жобаларға кеңінен көңіл бөлініп отырған шақта әрбір куратор-эдвайзердің өз топ студенттерінің халықаралық, республикалық ғылымға-тәжірибелік конференцияларға, жобаларға қатысуына көңіл бөлуі қажет етіледі. Осы орайда әрбір куратор-эдвайзер кафедраның, жоғары мектептің, университеттің алдына қойған Стратегиясына сай алдарына мақсат қоя отырып, еңбек етуде.

**Г.И. СУПУГАЛИЕВА,**  
қаржы кафедрасының аға оқытушысы

Куратор-эдвайзердің кәсіби рөлі өзінің субъективті жеке, дербес қасиеттерімен біте қайнап, осы кәсіби қасиетті толық орындауына әсер етіп, кураторлық қызмет стиліне ықпал етеді. Белгілі бір топқа, бүкіл курс бойына кураторлыққа бекіту туралы шешімді деканат қабылдайды. Куратор-эдвайзер студенттік топ белсенділеріне ұйымдастырушылық жұмыстары барысында көмектеседі, студенттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, әртүрлі студенттік өзін-өзі басқару нысандарына қатысуына ықпал етеді. Куратор-эдвайзер өз жұмысын студенттің әрқайсысымен дербес жүргізіледі. Олардың білім деңгейлеріне, қызығушылықтары мен икемдеріне қарай, денсаулықтары мен тұрмыстық мәселелеріне қарай кураторлық сағат жоспарлай отырып, оларға сабақ уақытымен қатар, сабақтан тыс уақыттарында қолайсыз жағдайларға ұшырап қалмауына ықпал етеді. Куратор-эдвайзер мектептегі сынып жетекшісіне ұқсайды, бірақ куратор-эдвайзер жұмысының сынып жетекшісінің жұмысынан айырмашылығы бірінші курс

студентінің жас айырмашылық ерешелігінде, яғни олардың психологиялық ерекшеліктері мен жас ерекшеліктеріне байланысты.

Бұл жас ерекшелік студенттің жеке тұлға болып қалыптасуының аяқталуымен сипатталады. Бірінші кезекте студенттің кәсіби өзін-өзі тануына, қоғамдағы экономикалық, саяси және қоғамдық өмірге араласу қажеттілігінен тұрады.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кураторлық-эдвайзерлік жұмыс жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмыстарының басым бағыттарына – студенттің жеке тұлға ретінде өзіндік дамуы үшін жайлы жағдай жасалуына негізделеді. Куратор-эдвайзер бұл жұмысқа кеңес беру, бағыт-бағдар беру және психологиялық қолдау көрсетумен араласады. Бұдан басқа негізгі жұмыстардың бірі жоғарыда атап өткендей: бірінші курстың студентіне әлеуметтік бейімделуіне көмектесу, университеттің корпоративтік мәдениетіне ынталандыру. Куратор-эдвайзер студент үшін ең жақын және етене болуға тырысуы қажет. Студент

# ӨРКЕН

Газет ішіндегі студенттер газеті

## Студенты – партнеры в управлении университетом

Состоялось очередное заседание оргкомитета по подготовке Международного студенческого форума «Студенческое самоуправление в современном университете: опыт, инновации и перспективы». Инициатором и организатором Форума, который пройдет в КазНУ в конце марта, является Комитет молодежных организаций университета.

ФОРУМ

В последние годы в Казахстане возросла роль студенческого самоуправления, как в молодежной, так и в общественной жизни страны. На фоне данной тенденции сформировалась потребность в проведении Международного студенческого форума, который представляет собой молодежную площадку для обмена идеями и опытом между представителями организаций студенческого самоуправления.

Цель проведения форума – это формирование молодежного интерактивного коммуникативного пространства, объединяющего лучшие мировые практики и инновации в области молодежной политики и студенческого самоуправления.

Идея проведения форума вызвала огромный интерес не только казахстанских студентов, но и представителей ССУ СНГ и Европы. На сайте форума зарегистрировалось более ста представителей студенческих организаций из России, Беларуси, Украины, Армении, Азербайджана, Кыргызстана, Молдовы, Польши, стран Прибалтики, желающих принять участие в нем.

Подготовка к форуму с каждым днем набирает обороты. Сформирован оргкомитет, который координирует всю работу, активно ведется разработка материалов и программы Форума, подготовка культурных мероприятий. Свою лепту в это вносят студенческие организации зарубежных стран, с их лидерами налажен тесный контакт. Они вносят свои предложения по организации форума, делятся накопленным опытом. Наши студенты осознают всю значимость предстоящего мероприятия и ответственно относятся к его подготовке.

Так как это Международный форум, в его подготовке задействована самая креативная и интеллектуальная часть молодежи университета. Студенты КазНУ с огромным желанием готовят свои выступления и презентации, чтобы поделиться достижениями в студенческом самоуправлении. Ведь в нашем вузе заложена уникальная модель студенческого самоуправления – «Студенты – партнеры в управлении университетом», что в современных условиях является важным фактором развития демократических форм управления в системе высшего образования. Создание необходимых условий для формирования и эффективного развития самоуправления студентов становится не только задачей администрации вуза, но и самих студентов.

Студенческое самоуправление в том виде, в каком оно сформировалось сейчас, это реальная сила, способная решать многие задачи в интересах молодежи и общества в целом. Есть инициатива, есть хороший опыт, а главное – желание добиваться поставленных целей.

Каждая студенческая организация, при всем их разнообразии, стремится создать благоприятную среду, в которой молодые люди могут максимально реализовать свои творческие способности, лично и профессионально совершенствоваться. Поэтому внимание к студенческим вузовским организациям, объединяющим сотни и тысячи активных и талантливых молодых людей, их поддержка должны стать одним из важных приоритетов каждого государства.

Объединение усилий государства и авангарда молодежи, направленных на поддержку студенческого самоуправления, способного решать вопросы молодежной политики в процессе образования и воспитания, – ключ к развитию интеллектуального потенциала нашей страны в новом тысячелетии.

Назира БОЛДУРУКОВА

## Азиада - жасампаз жастықтың алауы

Ел тәуелділігінің 20 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген 2011 жыл ең айтулы дүбірлі дода – VII қысқы Азия ойындарын өткізумен басталды. Көне Азия құрлығын ғана емес, әлем назарын өзіне аударған бұл мереке де бір күндей болмай өте шықты. Еуразия жүрегіне айналған елордамыз – Астанада жағылған Азиада алауымен қимай қоштастық. Дегенмен, осы сайыстағы ел спортшыларының ерен жетістігі әр қазақстандықтың жүрегінде еліміз үшін мақтаныш пен құрмет сезімінің алауын лаулатып кетті.



Азиада ойындарының нәтижелері мен жеткен жетістіктеріміз туралы қазірдің өзінде де аз айтылып, аз жазылып жатқан жоқ. Біздің пікірімізше, Азияданың тағылымды нәтижелерінің бірі ретінде – ең алдымен, ел жастарының арасындағы еріктілер қозғалысының жандануын атап айтуымыз қажет. Мерейлі мерекені өткізуге Алматы қаласынан ғана 2400 ерікті тартылған екен. Осы орайда, ҚазҰУ-дың 300 студенті де еріктілер қатарынан табыла білді. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерімен қатар қытай, жапон, араб, парсы тілдерін де меңгерген талантты жастар ретінде нағыз классикалық үлгідегі университеттік білім алып жатқан қазақстандықтардың жаңа буынының бейнесін көрсете алды. ҚазҰУ еріктілері әр елдің, әсіресе ежелден әдеп пен салт-дәстүрлерді үлкен құрмет

тұтатын шығыс елдерінің де дипломатиясынан хабарлары бар тәрбиелі, ізетті әрі кішіпейіл жандар ретінде шетелдік қонақтар мен спортшылардың, журналистер мен қызметкерлердің ризашылықтарына бөленді. Сонымен қатар, қазулықтар аталған 300 еріктіден бөлек ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі тарапынан да көрсетілген қызметтерді атқаруда еріктілер ретінде жұмысқа тартылды. ҚазҰУ-дың атақты «Бақыт» би-ансамблі мен имидж тобының әдемі бойжеткендері де Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өткен жабылу салтанатының көркін келтірді.

Жалпы қазулықтар әрқашан жаңалықтың жаршысы ретінде ел өмірінде болып жатқан барлық айтулы оқиғалардан ешқашан тыс қалып көрген емес. Сондай-ақ, тың, жаңа жобалардың бастамашы-

лары ретінде де көрініп келеді. Жалпы еріктілер қозғалысы әлемдік деңгеймен салыстырғанда біздің елімізде аса кенжелеп қалған сала болып табылады. Ал, әлемдік тәжірибеге сүйенсек, азаматтық көзқарастары айқын, өздерінің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін сезіне білетін тұлғалар оның дамуын алға сүйрейтін бірден бір тетік ретінде саналады. Осы орайда Азиада еріктілер қозғалысы спорттық бағыттың жандануына зор ықпал етті. Ал, қазулықтар тек спорт қана емес, басқа салалардағы да еріктілер қозғалысын жандандырып келеді. Мәселен, үстіміздегі жылдан бастап, университетіміздегі студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдарының бастамасымен еріктілер қозғалысын құру туралы үлкен жоба қолға алынып, жұмысын сәтті бастап кетті. Мәселен, жоба бағдарламасына сәйкес еріктілер көмегіне мұқтаж әлеуметтік нысандардың сұраныстарына мониторинг жасалып, оларға қажет бағыттағы жұмыс ерекшелігі бойынша қызмет көрсете білетін еріктілер тобын құру мен оларды оқыту жұмыстары орындалуда. Осыған орай қазіргі таңда қазулықтардан құрылған 500-ден аса еріктілердің бір тобы сабақтарынан бос уақыттарында ата-анасы жоқ қиын отбасынан шыққан жасөспірімдерді өмірге бейімдеу орталықтарында, екіншілері ауыр дертке шалдыққан немесе мүгедек балалар мен жасөспірімдерге, үшіншілері түрлі онкологиялық дертке шалдыққан жандарға көмек көрсету бағытында қызмет жасауда. Олар бұл жұмысты өздерінің азаматтық парызымыз деп есептейді. Қоғам мүшелерінің өмірі түрлі жайттарға байланысты екіге жарылмауы тиіс. ҚазҰУ жастары толеранттылықты қоғам мүшелерінің шығу тегіне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамастан өзара түсінушілікпен әркез көмек қолын соза білу қасиеті деп түсінеді. Бірлігі жарасқан елдің жас ұрпағы – болашағымызды бірге жасаймыз!

М.С.НОҒАЙБАЕВА,  
Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы

## «Студенческая весна – 2011»

Конкурс художественной самодеятельности «Студенческая весна 2011» на протяжении многих лет является самым ярким культурным событием в жизни университета. Главные цели конкурса – предоставление студентам возможности выразить и реализовать свои творческие способности, раскрытие и поддержка талантов, формирование корпоративной культуры университета.

«Студенческая весна» проводится в три тура. На участие в первом отборочном туре на факультетах в адрес оргкомитета поступило более трех тысяч заявок студентов университета и колледжа.

В период с 24 по 30 января на факультетах кипели страсти, выступления молодых талантов превосходили все ожидания. Болельщики и поклонники горячо аплодировали и поддерживали своих конкурсантов, которые с блеском показали свое мастерство в песенном, музыкальном, танцевальном и других жанрах. Лучшие из них были приглашены участвовать во втором туре, который

пройдет с 21 по 24 февраля во Дворце студентов им. У.А.Джолдасбекова. Победители второго тура пройдут в финал и будут бороться за звание сильнейших.

Компетентное жюри, состоящее из представителей студенческого самоуправления, студенческого клуба, администрации вуза, известных деятелей культуры и звезд казахстанской эстрады, средств массовой информации, оценивает выступления участников. Члены жюри особое внимание в оценке выступления уделяют артистизму, культуре и мастерству исполнения участников конкурса, умению дер-



жаться на сцене и перед публикой, оригинальности композиций и другим составляющим успеха.

Стоит особо отметить, что победители конкурса, помимо ценных призов и дипломов, получают возможность участия в одном из популярных культурно-развлекательных телепроектов. Главный кульминационный момент конкурса «Студенческая весна 2011» – гала-концерт и церемония

награждения пройдет во Дворце студентов в конце марта текущего года.

Участие студентов в конкурсе – это большая школа, неоценимый опыт, который необходим начинающим талантам в их дальнейшей творческой жизни. Для нас нет более важной задачи, чем работа о студентах, их творческом и духовном развитии.

Студенческий клуб

## ТЕАТР

Құрылғанына көп болмаса да бауыр-малдығы мен татулығы жарасқан «Біз» театрының бес жылға жуық тарихы бар... Талмай еңбек етіп, талай қиындықтардан тайсалмай, табандылығын танытып келе жатқан студенттер театрының аз уақыттық ғұмырын ойымыздан саралап өтсек... Оның кешегі күні қалай басталып еді?

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында 2006 жылы жас режиссер Ғалымжан Сайлаубеков және бірқатар студенттердің бастамасымен «БІЗ» студенттер театры құрылды. Университет қабырғасында театр ашу идеясының авторы – ҚазҰУ-дың сол кездегі Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Намазалы Омашұлы. Және осы оқу орнының өнерсүйер студенттері Жарас Ниязбек, Нұрбек Түсіпхан, Тастанбек Жұмахан сынды жігіттер болатын. «БІЗ» студенттер театрының құрылып, жастар арасынан құрам жинау, театрды насихаттау сияқты істерде атқарған еңбектері өлшеусіз. Театрдың «Біз» деп аталуының да өз себебі бар. «БІЗ», яғни жастар арасындағы айықпас кеселдерден өзіміз аулақ болуға тырысамыз, онымен бірге күресеміз деген идеядан туындаған. Театр – бұл мәңгілік сезімге толы тұтас бір өмір. Махаббат пен өшпенділік, өмір мен өлім, сенім мен үміт атаулы тақырыптардың барлығы театр қойылымдарына арқау болады. Студенттер үшін ол театр өнерінің сиқырлы күшіне жанасуға, түрлі кейіпкерлердің бейнесін сомдауға, «біз» сөзінде мыңдаған «мен»-нің болуын, ал біз бірге әлемді төңкеретін күш екенін түсінуге жол ашады.

Ең алғаш рет театр шымылдығы 2007 жылдың 4 сәуірінде «Адаспаңдар!» атты қойылыммен ашылды. Қойылымның сценарийін студенттердің өздері дайындаған. Қойылым өзегі – нашақорлық, жезөкшелік сияқты өмірдің өзінен алынған жағымсыз құбылыстарды көрсету арқылы жастарды мұндай жегі құрттардан алыс жүруге үндеу. Қойылымдағы басты рөлдерді Нұрбек Түсіпхан, Жарас Ниязбек, Лаура Сейітбекова, Меруерт Пірекешова сияқты студенттер сомдайды. Құрамында 20-дан астам студент жиналған театр ұжымы бұл қойылымға 2006 жылдың қарашасынан бері дайындалған.

Бұл қойылым рөл сомдаған жас студенттерге өмірлік рухани тұрғысынан ерекше әсер етті. Бұл жайында қазіргі «Хабар» агенттігіндегі «Азамат» бағдарламасының шеф-редакторы Лаура Сейітбекова: «Театр менің бала кездегі армандарымның орындалуына себепкер болып, ұжыммен жұмыс істеуге, жеке шығармашылықты дамытуға септігін тигізді», – деп тебіренсе, қазір тележүргізуші болып жұмыс жасап жүрген Нұрбек Түсіпхан: «Оқу бітіргенімде радиоға жұмысқа орналастым. Онда бастысы дауыс пен интонацияның дұрыс болуы. Ал, маған бұл қиынға соқпады, себебі мен бұл қабілеттілікті театр сахнасында жүріп шыңдадым», – деп киелі сахнадан үйренген тәжірибесінің қызметте септігі тигенін жасырмады. Мінекей, «Біз» театрының кешегі түлектері бүгінде белді қызметтерде.

2007 жылы қарашаның 23 жұлдызында қасиетті жұма күні театр ұжымы тағы бір қойылымның тұсауын кесті. Көрермен қауымға терең ой салып, тамаша әсер қалдырған бұл қойылым «(Т)ОЙ» деп аталады. «(Т)ОЙ» қойылымы қазақ қоғамындағы келеңсіз тұстарды әшкереледі. Ананы, ананы, тағы да ананы құрметтеуге шақырды. Бас-

ты рөлдерді сомдағандар: анасы – Венера Нұржанова, ұлы – Жарас Ниязбек, Жарастың қалыңдығы – Ақтоты Елбосынова. Қойылым соңында шынайы өмірлік оқиғаларға құрылған сюжеттің идеялық және әдеби жетекшісі профессор Намазалы Омашұлы жастардың өнеріне тәнті болып, театр ұжымына осындай келелі мәселе көтергені үшін алғысын айтқан болатын.

Өз сөзінде театр түлегі қазіргі таңда «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі, елімізде дүркіреп өткен Азиадада «Допты хоккейдің» комментаторы болған Ермұхамбет Мәулен:

– Театр ол мәдениет ошағы, өмірдің көлеңке жақтарын ашатын айна іспеттес. Және де көрерменді тәрбиелеу құралы. Ал «Біз» театры осыған елеулі үлес қосып жүрген бірден бір рухани орта, – деп ойын сабақтады.

## Театр – теңіз, «Біз» – кеме

**Автобус жолаушыларға лық толы. Кондуктордың үні құлаққа жағымды естілді: «Келесі аялдама – ҚазҰУ қалашығы»... Қуанышымызда шек жоқ, қадамымызды асыға басып, ҚазҰУ студенттерінің мәдениет ошағына, өнер ордасына айналған Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына бет алып келеміз. Мұнда бізді асықтырған күш – бір үйдің баласындай тату-тәтті, сыйластықтың туын тіккен театр ұжымына деген ыстық сезім.**




«Біз» театрының жастар тәрбиесіндегі үлесі жайында «Алматы» телеканалының тілшісі Жарас Ниязбек былай деді:

– ҚазҰУ жастары қарапайым студенттердің сахнада өнер көрсете алатынын дәлелдеді. Сонымен қатар бос уақытты рухани азық жинауға жұмсауды үйретті. «Біз» студенттер театрының ұжымы сахна тілі мен заман шындығын, жастардың мәселесін ашық айтып берді.

Осылайша, қазіргі күнге дейін театр ұжымы жастарға берер тәрбиесі мол, қоғамдық мәселелерді қамти отырып көптеген қойылымдарды сахналап та үлгерді. «Бағдаршам», «Кешіріңіз, сізді ажал күтіп тұр», «Ол көктем оралмайды» сынды қойылымдарымен жұртты тәнті етті. Тәнті етіп қана қоймады, жастардың өмірге деген көзқарасын арттыруда аз да болса өз септігін тигізді.

Сонымен қатар, театр ұжымы махаббат



тақырыбын да қозғап, жастар арасындағы шынайы сезімді танытатын қойылымды көрерменназарына ұсынып та үлгерді. 2010 жылдың мамыр айында киелі шаңырақ студенттер сарайында сахналанған бұл қойылым «Ол көктем оралмайды» деп аталады. Аталмыш қойылым көрермен назарына 2010 жылдың қараша айының 19-шы жұлдызында да ұсынылған болатын. Қойылымдағы басты рөлдерді сомдаған студенттер: Мұрат – Арман Серіков, Жандос – Құлтаев Ардақ (Айдос Ақмырзаев), Мөлдір – Меруерт Мұқашева, Дина – Айнұр Тауасарова. Қойылым көрерменнің көңілінен шыққан, махаббат пен достықтың қаншалықты құдіретті күш, ұлы сезім екенін тағы бір еске салған керемет дүние болды.

Осы уақытқа дейінгі «Біз» студенттер театрының сахнасында қойылған қойылымдар қазірде ерекше сұранысқа ие. Атап айтар болсақ, былтыр өткен театр фестивалінде Тараз қаласының жастар театры біздің репертуарымыздағы «Адаспаңдар!» атты қойылымын сахналады. Ал жақында біздің бүкіл сахналанған қойылымдарымызды Сарыағаш ауданының театры өз сахнасында қоюға сұраныс білдірді.

«Біз» студенттер театрының алға қойған мақсаты айқын, арманы асқақ. Алдағы уақытта театр «Халық театры» атағын қорғауға ниеттеніп отыр. Өздерінің тәрбиелік маңызы зор қойылымдарын өзге де оқу орындарында сахналап, жастарға дұрыс бағыт бағдар беруге әрдайым дайын.

«Біз» студенттер театрының әр қойылымын тағатсыздана күтетін өз көрермендері жетерлік.

Театр ұжымы қазір үлкен шығармашылық ізденіс үстінде. Алла қаласа, сүйікті көрермендерімен 2011 жылдың наурыз айында «Фетус» («Шақырылмаған қонақ») атты қойылыммен қауышпақ. Театрымыздың бес жылдық тойына орай сәуір айына «Миллион раушан гүл» қойылымын жоспарлап отыр.

Міне, театрдың бүгінгі тынысы осындай!... Ал біз кезекті сахналық қойылымға дайындыққа кеттік....

**Ақерке ӘБІЛХАН,  
Қымбат САҒИДОХАСҚЫЗЫ,  
филология факультетінің студенттері**

## «Супер студент» - конкурс лидерів!

■ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ НАЦИЯ

На протяжении всей истории КазНУ имени аль-Фараби центром социальной активности студентов, преподавателей и сотрудников были общественные организации. Студенты университета всегда отличаются своими передовыми идеями, активностью, инициативностью и они непосредственно играют важнейшую роль в организации досуга молодежи. Для КазНУ имени аль-Фараби важнейшей целью

является подготовка достойных специалистов для страны. Но учебный процесс - это только часть студенческой жизни в университете. Вторая ее составляющая - это участие и организация культурно-развивающих мероприятий.

Главной целью этих мероприятий является развитие творческого потенциала студентов, выявление лидеров, расширение их умений и навыков. Одним из таких круп-

ных мероприятий является интеллектуально-творческий конкурс «Супер студент». В ходе которого студент проявляет такие способности, как знание языков; эрудиция; умение презентовать себя, ораторское мастерство; раскрытие талантов, умение держать себя перед публикой; разносторонность знаний; креативность; логическое мышление. Только самый достойный студент как показатель ума, логики, эру-

диции, побеждает в конкурсе «Супер студент» КазНУ.

Организатором конкурса «Супер студент» является мажлис студентов КазНУ. Вся наша жизнь это конкуренция! Стать первым среди 17 тысяч студентов, обучающихся в КазНУ, и стать «супер» студентом может только один. Но для этого надо пройти много испытаний и трудностей, показать все свои способности и реализовать себя как твор-

ческую личность – это и есть подготовка новой интеллектуальной нации в условиях конкурентной среды. Но при этом надо уметь достойно проигрывать, не останавливаться на достигнутом, и дальше реализовывать свои планы.

**Л.АХМЕТОВА,  
студентка 3-курса  
биологического факультета  
Председатель мажлиса студентов**

Ирина ТЕН, «Ана тілі» аруы» байқауының вице-аруы:

# «Ең тәтті қиялдарымда тележурналист болып жүрдім»



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департаментінің Тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік тілді дамыту үшін әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізіп келеді. Олардың бірегейі саналатын университет көлемінде «Менің Қазақстаным» фестивалі аясындағы «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты байқауы, «Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі», Жыр мүшәйрасы мен «Қазақ тілі» апталығы, «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты өзге ұлт өкілдері арасында студенттік ғылыми конференция және «Ана тілі» сұлтаны» байқауларын ұйымдастырып, өткізу дәстүрге айналды. Еліміздегі жоғары оқу орындары арасында «Ана тілі» аруы» байқауын өткізудің бастамасын алғаш болып қолға алған да әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еді. Аталған байқаудың алғашқы бас жүлдегері, тұңғыш аруы – Сана Мұсаева біздің университетіміздің түлегі. Ал бүгінде бұл байқау тек қазақ қыздарының ғана емес, өзге ұлт өкілдері аруларының да қызығушылығын арттыра бастағанын аңғаруға болады.

2010 жылғы 24 қазанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен жалпыуниверситеттік «Ана тілі» аруы» байқауы өткізілді. Байқауда қазақтың салт-дәстүрін насихаттап, қай жағынан алып қарасаңыз да қазақ қыздарынан кем түспейтін кәріс ұлтының қызы, журналистика факультетінің 1-курс студенті Тен Ирина әділқазылар алқасының ерекше ықыласына бөленіп, «Сымбатты ару» номинациясын жеңіп алды. Осы орайда жеңімпаз атанған аруды әңгімеге тартқан едік.

– Алдымен өзіңіздің туып-өскен жеріңіз, ортаңыз туралы айта отырсаңыз.

– 1992 жылдың 16 желтоқсанында Сыр елінің Арал қаласында дүниеге келдім. Әкемнің толық есімі – Тен Сергей Владимирович, анам – Тен Валентина Сергеевна. Ата-анам менің өмірімдегі ең маңызды адамдар. Жарық дүниеге әкеліп, өсіріп, тәрбие беріп барлық бастауларда қолдайтын тұлғалар. Халық арасында «адам туған жерді, жанұяны таңдамайды» деген мақал бар, мен онымен толықтай келісемін. Тағдыр маған осындай ыстық жүректі бауырлар мен Аралымның алтын топырағын, самал желін сыйлағаны үшін, өзімді дүниедегі ең бақытты адамдар қатарына сенімділікпен қоса аламын. Бала кезімнен құрбыларыммен бірге қазақтың топырағында аунап жүргенімнен бастап ата-анам бізге (мен және туған ағам) тек кәрісше емес, қазақи тәрбие де берді. Өз халқымыздың мәдениетімен қатар жерімізді сыйлауды үйретті. Жалпы, қазақтар жайлы менің көзқарасым осындай. Қаншама ұлт пен ұлысқа құшағын жайған қазақ халқы өз кеңпейілдігімен ерекше. Қазаны оттан түспей, дастарханы жиналмаған елдің жарасымды тірлігі өзге мемлекеттерге үлгі болардай. Қазақстанның Арал қаласында өмірге келіп, қазақи тәрбие алғанымна қуанамын.

– «Ана тілі» аруы» байқауына қандай мақсатпен қатыстыңыз?

– Оқушы кезімнен бастап қазақтың салт-дәстүріне байланысты сан алуан байқауларға қатысқанды ұнаттым. «Ана тілі аруы» меніңше өте күрделі, өте маңызды байқау. Соны біле отырып, өз бағымды сынап көргім келді.

– Байқауға қатысқаныңызды ата-анаңыз қалай қабылдады?

– Бұл хабарды естіген ата-анам ең басты жанкүйер болды. Маған үміт артып жеңіс тіледі. Айтып өткенімдей олар мені барлық бастауларда қолдайды.

– Қанша жасыңыздан ән мен биге құмар болдыңыз?

– Сөйлеп үйренгенімнен бастап орыс тілімен қатар қазақ тілін жақсы білдім. Ал мектеп табалдырығын аттаған соң білімімді дамыта бастадым, сынып жетекшім Қарабаева Гүлнар Қылышбайқызы және қазақ тілі пәнін жүргізетін ұстазым Балымбетова Алмагүл Қадырқызы өлшеусіз үлес қосты. 8-сыныптан

бастап облыстық және республикалық пәндік олимпиадаларға қатыстырды. Жұлделі орындар біз үшін ең басты сыйлық болатын.

– Журналист мамандығын нелікпен таңдадыңыз?

– Журналист болу балалық арманым еді. Ең тәтті қиялдарымда тележурналист болып жүрдім. Журналистика өте жан-жақты, қызықты және маңызды мамандық. «Төртінші билік» деп аталуы бекер емес. БАҚ қызметкерлерінің өмірлері қанық, ширақ болады. Олар халықтың көзі, құлағы, аузы. Осы салада мен өз орнымды тауып, нағыз журналист болуға тырысамын.

– Қанша тілді меңгердіңіз?

– Айтқанымдай орыс және қазақ тілін кішкентайымнан білемін. Аралға Франциядан қонақтар келген кездерде француз тілі сабақтарына қатыстым, бірақ өкінішке орай жетік меңгеріп алдым деп айта алмаймын. Бүгінгі таңда мектепте бастаған ағылшын тілін меңгеру үдерісін жалғастырудамын.

– Қазақтың қандай салт-дәстүрі жаныңызға жақын?

– Қазақтың көптеген салт дәстүрлері кәріс халқының салт-дәстүрлеріне ұқсас. Бір жығынан, қазақтардың ортасында өсіп, өмір сүргенімнен оның барлығына көзім де жүрегім де үйренген, сондықтан қазақ халқының «тал бесіктен – жер бесікке» дейінгі салт-дәстүрінің барлығы жаныма жақын.

– Болашақ жарыңыз қазақ болса қарсы болмайсыз ба?

– Ондай мәселелерді ойлау мен үшін ерте телеу сияқты, бірақ негізінде қарсы емеспін. Біріншіден, адамның ұлтына емес жан дүниесіне назар аударған дұрыс деп ойлаймын және шынайы махаббатқа сенемін. Ал махаббат жасқа да, ұлтқа да қарамайды.

– «Ана тілі» аруы» байқауына деген көзқарасыңыз қандай?

– «Ана тілі» аруы» керемет ұйымдастырылған өте қажетті іс-шара. Себебі ол бет сұлулығын ғана емес, жүрек сұлулығын толықтай көрсетеді. Байқау елімізде өнерлі жастардың көптігінің тағы бір дәлелі болып табылады. Мемлекеттік тілге деген махаббатты, патриоттық сезімді оятады. Осындай байқаулардың жиі өткізілгенін қалар едім.

– Оқудан тыс, университеттің қоғамдық өміріне белсене қатысасыз ба?

– Әрине, қоғамдық өмірге араласпағанда менің студенттік өмірім толық болмай қалатын секілді. Журналистика факультеті мәслихатының және «Ерке» тобының мүшесі болып табыламын. Сонымен бірге «әл-Фараби» арнасында қызмет етемін, биге қатысамын. Осындай жұмыстармен айналысу мүмкіндіктерім бар болғаны үшін қуаныштымын.

– Сіз үшін қандай жетістіктер маңызды?

– Өмір жолында жаңа биіктер, жаңа мақсаттар пайда бола береді. Қиындықтарды жеңіп, әрқашанда биік шыңдардан көріну қол жетпес арман секілді, бірақ алға асулы мақсаттарды қойып әрқашан жеңіске ұмтылу қажет. Бірақ адамгершілік туралы, адамның негізгі міндеттері туралы ешқашан ұмытпау керек. Ата-анамның үмітін ақтау, мансапқа жету және бақытты жанұя құру, ата-бабаларымыздан қалған мәдениет пен салт-дәстүрлерді сақтау – бүгінгі мақсатым. Болашақта менің жетістігім зор болатынына сенемін.

– Қол жеткізген жетістіктеріңіз мамандығыңызбен байланысты бола ма? Білім мен мансапқа (карьер) қатысты қандай жоспарыңыз бар?

– Құдай қаласа, журналистикадан басқа мамандықтарды да меңгергім келеді, мысалы экономика. Біздің заманда уақыттан қалмай, жан-жақты болу керек. Болашақта қоғамға қажетті телеарнаның иесі болуды және отбасымен бірге дүниежүзілік саяхатқа шығуды армандаймын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұқбатты жүргізген  
Тілдерді дамыту бөлімінің маманы  
Шынар ЕРЛАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тәрбие саласын жетілдіру жұмыстары жандандырылып жатқандығы қара шаңырақ қабырғасында өтіп жатқан түрлі шаралардан аян. Тәрбиенің аса маңызды бір тетігі ана тілге деген құрметпен өлшенеді. Осы орайда қоғамда мемлекеттік тілдің кең өріс алып, қанатын еркін жаюына деген ізденістер жан-жақты жүргізілуде. Бұл мақсатта әлеуметтік, қоғамдық, саяси, экономикалық жағдайларға байланысты мемлекеттік тілді терең меңгеруге деген ұмтылыс та, сұраныс та күннен-күнге артуда. Жоғары оқу орындарының көшін бастап тұрған ҚазҰУ қазақ тілінің мерейін арттыруда біршама игі істерге бастама білдіруде.

## ҚазҰУ-да қазақ тілінің мерейі үстем

Атқарылған айтулы шаралардың бірі – 28 қаңтарда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультетінің акт залында өткен тілдік бағдарламаның маусымашары. Тольғырақ айтатын болсақ, аталмыш факультетте «Хабар» телеарнасынан берілетін «Қазақшаңыз қалай?» бағдарламасы бесінші маусымының бірінші кезеңі болып өтті. Бесінші маусым – «Студенттік маусым», яғни жоғары оқу орындары студенттерінің сайысы. Сайысқа 6 жоғары оқу орнының студенттері қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ намысын қорғай шыққан «Достық» және «Интернационал» атты екі топ қазақ тілінің құдіреттілігін сезіндіруге барынша тырысып бақты. Бұл топтар университетіміздің әр факультетінде оқитын орыс, неміс, кәріс, ұйғыр халықтарының өкілдерінен құралды. Олар қазақ тілінде ойларын еркін жеткізіп, тілге деген құрметтерін білдірді. Университетімізде қазақ тілін дамыту мақсатында бұдан да өзге шаралар ұйымдастырылып, білім мен ғылым ордасында ана тілінің беделі биік белеске жетіп отыр. Мәселен, Тілдерді дамыту бөлімі мен қазақ тілі кафедрасының ұйтқы болуымен жүзеге асқан «Тілге құрмет – елге құрмет», «Тіл – татулықтың тірегі» тақырыбындағы шаралар, дөңгелек үстелдер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар университетте маманданып жатқан жастардың қазақ тіліне деген сезімін арттырып, өзге ұлт өкілдерінің қызығушылығын тудырып отыр. Сонымен бірге қазулық студенттер университет ұйымдастырған мәдени іс-шаралардан өзге де халықаралық, республикалық деңгейде өткізілетін байқауларға, тілдік сайыстарға қатысып, жүлделі орындармен оралатындығын да зор мақтанышпен айтуға болады.

**P.S.** Республиканың барлық аймағына таралатын «Хабар» телеарнасының қазақ тілін реалити тәртінде оқытатын апталық ойын-сауықтық «Қазақшаңыз қалай?» бағдарламасына жолдама алған командаларымыз да алдыңғы жеңіс жолын жалған, жүлделі марапаттарға ие болады деген үміттеміз.

Шынар КАНАФЬЕВА

ТАЛҚЫ

8 ақпанда заң факультеті экологиялық және аграрлық құқық кафедрасының ұйымдастырумен №18 жатаханада Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын талқылау мақсатында студент жастармен кездесу өтті. Кездесудің мақсаты – мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауы еліміздің басты назар аударатын құжаттарының бірі екенін ескеріп, оны студенттерге жеткізіп, түсіндіру және талқылау жұмыстарын жүргізу. Құжатты талқылау барысында оқытушы-профессорлар мен студенттер жан-жақты пікір айтып, өз кезегінде Жолдауға қолдау білдірді.

Назарларыңызға талқылауда айтылған ой-пікірлерден үзінді ұсынып отырымыз.



## ЖОЛДАУ ЗАҢГЕРЛЕР ЖАТАҚХАНАСЫНДА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ләззат ЕРКІНБАЕВА, з.ғ.д., экологиялық және аграрлық құқық кафедрасының меңгерушісі:

### “ЖОЛДАУ ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ”

— Елбасының халыққа арналған жаңа Жолдауы болашаққа терең қамқорлығымен және азаматтардың өмір жағдайын жақсарту құндылығымен ерекше. Біздің барлығымызды күтіп тұрған даму қуандырады әрі таңғалдырады. Президент Жолдауында ел өмірінің экономикалық, саяси, әлеуметтік салалары сияқты барлық жақтары қарастырылған. Елбасы өз Жолдауында Қазақстан жұртшылығын толғандыратын көптеген сұрақтарға жауап берді. Экономиканы, ел өндірісін жетілдіру бойынша жоғары міндеттер қойды. Денсаулық сақтау мен білім беру мәселелеріне жан-жақты тоқталып өтті. Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясын көздеп, тұрғын үй шаруашылығы саласын модернизациялау үшін бағдарды анықтады.

Жолдауда мемлекеттің әлеуметтік-саяси мәселелері бойынша ел басшысы нақты бағдарларды атап өтті. Мәселен, бізге білім беруді жетілдіруді жалғастыра отырып, 12 жылдық орта білім беру үлгісін келешекте енгізу, магистрлер мен PhD докторлар даярлығын енгізу, кәсіптік және техникалық білім беру мазмұнын жаңарту, білім мен ғылым дамуының жаңа деңгейін қамтамасыз ету талаптары қойылды. Еліміздегі жоғары оқу орындарының бірінші кезектегі міндеті — әлемдік рейтингтерге кіру. Сапалы білім беру Қазақстанның индустриаландырылуы мен инновациялық дамуының негізі болуы қажет. Президенттің сөзі бойынша, «әрбір Қазақстан азаматының «өмір бойы білім алу» деген жеке сенімі болуы керек», бұл бізге, ғылым адамдарына аса жақын. Осындай барлық жасалған жағдайлар әрбір азаматқа



балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейін сапалы білім алатынына үміттендіруде. Педагогика саласы қызметкерлеріне барлық аспаптар, білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін мол мүмкіндіктер берілетініне сенімдімін.

Сәуле СҮЛЕЙМЕНОВА, з.ғ.д., экологиялық және аграрлық құқық кафедрасының доценті:

### “ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУ ҚҰЖАТЫ”

— Жолдаудың маңыздылығы — онда әлеуметтік жаңғыру бағдарламасының қолға алынуы. Осы ғасырдың әлеуметтік капитал жарысының ғасыры екені айқын. Ендеше, біз білім беру, денсаулық саласында және жұмыс орнының жаңа сапасын қамтамасыз етуге қол жеткізсек, халқымыздың әлеуеті көтеріліп, біз бәсекелестікке қабілетті боламыз. Ал ендігі бір мәселе — ауыз су. Бұл біздің өміріміздің сапасына тікелей әсер етеді. Бұған қоса тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, білім беру, денсаулық сақтау салаларындағы жұмыстардың сапасын көтерудің барлығы жиналып әлеуметтік жаңғыруға жаңа мүмкіндік туғызады. Менің ойымша, осы әлеуметтік жаңғыру жолында үдемелі индустриялық-инновациялық

даму бағдарламасы мен саяси реформалар біріккен кезде ұзақ мерзімді дамудың негізі қаланады.

Нұржан БАЙЫМБЕТОВ, з.ғ.к., экологиялық және аграрлық құқық кафедрасының доценті:

### “СЕНІМДІ НЫҚТАДЫ”

— Елбасымыздың дәстүрлі Жолдауы еліміздің алдағы он жылда даму бағытына жөн сілтеп отыр. Жолдауда білім саласын одан әрі дамытуға нақты тапсырмалар берілгені көңілге зор қуаныш ұялатады. 2015 жылға қарай еліміздегі алдыңғы қатарлы білім ордаларының саны артатыны қуанышты жай. Тек саны ғана артып қоймай, сапасын арттыруға да көңіл бөлінбек. Енді жауын-

нан кейінгі саңырауқұлақша қаптап кеткен ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарына тыйым салынбақ. Осыдан соң, бұл ғылыми атақтарды еңбегі сіңген, лайықты жандар ғана иеленбек. Сонымен бірге, денсаулық сақтау саласына да үлкен мән берілген. Жолдаудағы Елбасының 2020 жылға қарай «Қазақстандықтардың 95 пайызы мемлекеттік тілді толық меңгеретін болады» деген сөзі көңілімізді марқайтты. Бұл — тіл майданындағы қазақ тілінің толық жеңісі.

Жыл сайынғы Елбасы Жолдаулары қалай орындалып жатқанын көріп-біліп жүрміз. Бұл Жолдауда айтылған тапсырмалар да уақытында жүзеге асып, қазақ елі игілігіне жарайтынына сенімім нық.

Жанна АҚШАТАЕВА, экологиялық және аграрлық құқық кафедрасының оқытушысы:

### “АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ НАЗАРДА”

— Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы ерекше маңызға ие болатынын атады. Соның ішінде мал шаруашылығына мән беріледі және бұл саланы дамытуға айрықша назар аударған президент бұл салаға 130 миллиард теңге несие бөлетінін мәлім етті. Қойылып отырған талаптар бойынша біз 2016 жылға дейін жылына 60 мың тонна ет, 4 миллион

тонна астық экспорттауымыз керек. Яғни, шетелге ет және астық сатылатын болса ауыл шаруашылығының жағдайы көтеріледі. Бұл мақсатта мемлекеттен арнайы несие беріледі. Демек ауыл шаруашылық өндірісі тұрақтылыққа қол жеткізе алады деген сөз. Өйткені, бұл бастамаға Елбасының өзі серпін беріп отыр.

Сәндібек ҚОЖАЕВ, экологиялық және аграрлық құқық кафедрасының оқытушысы:

### “ЖОЛДАУ БІРЛІКТІ НАҒАЙТПАҚ”

— Елбасы Жолдауында ағымдағы жылы зейнетақы, шәкіртақы, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбек ақысының мөлшерін 30 пайызға арттыру жөнінде баяндады. Сонымен қатар, бұл қаражаттардың екі жыл қатарынан 25 пайызға ұлғайтылғанын, «Нұр Отан» ХДП Жаңа платформасында жоспарланғандай, 2012 жылы зейнетақы, бюджеттік ұйымдардың еңбекақысы мен шәкіртақысының орташа мөлшері 2008 жылмен салыстырғанда 2 есеге артағанын тілге тиек етті. Мемлекет басшысы сондай-ақ 2011 жылды “Тәуелсіздіктің 20 жылдығы” жылы деп жариялап, ол жөнінде мемлекеттік комиссия құрылғанын, жалпыұлттық іс-шаралар жоспары бекітілгендігін ой өзегінен өткізді. Сонымен бірге оны іске асыру үшін инвесторлардың, бизнес қоғамдастығының, барлық қазақстандықтардың күші-жігер біріктіруі қажеттігін айтты.

**P.S.** Студенттер үйінде заң факультетінің 1 курс магистранттары А.Зейділда, Ж.Ергозова, А.Кесебаев және 2 курс магистранттары Г.Рустемова, А.Өзенбаева Елбасының Жолдауына баяндама жасап, талқылауға атсалысты.

Баяндамаларда 2017 жылы мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтардың саны кем дегенде 80 пайызға жететіндігі, ал оның 2020 жылға қарай кем дегенде 95 пайыз болатындығы, сонымен қатар он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді меңгеретіндігі ғылыми түрде талқыланды. Сонымен қатар, Жолдауды талқылау барысында тәуелсіздік жылдары ішінде қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалғандығы, бүгінде алғаш рет елімізде ең күрделі медициналық бағыттар бойынша операциялар жасалып жатқандығы, жетекші шетелдік клиникалармен байланыс орнатқан 150 телемедициналық орталық құрылғандығы баяндалды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесі көрсеткендей, бала туу 25 пайызға ұлғайған, өлімнің азаюы 11 пайызды құраған, халықтың табиғи өсімі 1,7 есеге көбейген. Жолдауды талқылау 2013 жылы бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін ендіру аяқталатындығымен тамамдалып, жарқын болашаққа жол сілтеу ойымен түйінделді.

Дайындаған заң факультетінің экологиялық және аграрлық құқық кафедрасы







# ҚазҰУ студенті қандай болу керек?

ЖОБА

Маманды қалыптастыруда, ең алдымен, тәрбие жұмыстарының жеткілікті жүргізілуі қажеттігін ұлт зиялылары, халық ағартушылары тереңнен қозғап, тәрбиесіз берілген білімнің қауіпті екендігін өсиет етті. Осы орайда еліміздегі жоғары оқу орындары арасында студент санынан да, білім сапасынан да көш бастап тұрған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тәрбие жұмыстарын жандандыруды мықтап қолға алды. Университеттегі оқу үдерісінде студент тәрбиесіне ықпал ететін бірден-бір тұлға – куратор-эдвайзер. Осы тұста ҚазҰУ ректоры Ф.Мұтановтың нақты тапсырмасымен әрі қолдауымен куратор-эдвайзерлер жұмысын ұйымдастыру жаңа бір сапалық сатыға көтерілуде.

Білім мен ғылымның қасиетті кара шаңырағы ҚазҰУ-да 1000-ға жуық куратор-эдвайзер қызметін атқаратын оқытушы-профессорлар құрамы бар. Сондай-ақ, студент тәрбиесі мен рухани дүниесіне медеу болатын куратор-эдвайзерлер кенесі жұмыс жасайды. Осы кенестің барысында университетте арнайы семинар-тренингтер өткізіліп, әдістемелік қолдау көрсету де жолға қойылған. Заман талабына сай бәсекеге төтеп беру мақсатымен қазулық куратор-эдвайзерлер маман қалыптастыру барысында тәрбие, білім, ғылым салаларында жанашыл бастамалар мен жобалар үлесін еселей түсуде. Мұндай жаңашылдықтың бірегейі ретінде “Мен ҚазҰУ-дың студентімін” атты жобаны ерекше атап өтуге болады. Аталмыш жоба ҚазҰУ Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің директоры, философия және саясаттану факультетінің 2-курс «мәдениеттану» мамандығы студенттерінің куратор-эдвайзері Гүлнәр Әлібекқызының ұйытқы болуымен бастау алып отыр. Осы жоба негізінде Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің директоры Гүлнәр Әлібекқызы Сәрсенбекова 31 қаңтарда алғашқы отырыс өткізді. Отырысқа университеттегі өзге де факультеттің куратор-эдвайзерлері мен студенттері шақырылды.

Жоба қалаған мамандықтары бойынша білім алумен қатар қоғам дамуына өз үлестерін қосып жүрген белсенді

студенттерді құрбы-құрдастарына, замандастарына таныстыру мақсатын көздеді. Сонымен қатар осы жоба бойынша қызығы мол студенттік өмір айнасы болуды дйттеген студенттік журнал шығару да жоспарда тұрғандығы айтылды.

“Мен ҚазҰУ-дың студентімін” жобасы бойынша өткен алғашқы отырыстың қонағы физика факультетінің 3-курс студенті Асхат Мұсабай болды. Асхат – университетте студент, ал қоғамда ол бұқаралық ақпарат құралының директоры. Асхатты замандастарына бір ауыз таныстырып өту студенттерге айналасында жүрген достарының атқарып жатқан істеріне құрмет сезімін тудырмақ. Толығырақ айтар болсақ, 2010 жылы, 5 маусымда Алматы қаласындағы «Спутник» футбол алаңында «Тенбіл доп» журналының тұсауы кесілген еді. Футбол жайында қалам тербейтін басылымның авторы – ЖОО-ның студент жастары. Спортты насихаттайтын тұңғыш қазақ басылымының директоры әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 3-курс студенті – Асхат Мұсабай. Сол тұсауы кесілген сәттен бастап футбол жайындағы тұңғыш қазақша журнал өз оқырмандарының ықыласына бөленіп келеді.

Даму деңгейінің жоғары сатысында келе жатқан елімізде мемлекеттік тіл мен бұқаралық ақпарат құралдарына қолдау аз болмада да, мемлекеттік тілдегі тұрақты спорт басылымдарының некен-саяқ екені рас. Осы орайда “Тенбіл доп” журналы дер кезінде ашылған басылым десек, оны



жарыққа шығарған да ҚазҰУ студенті екендігін зор мақтанышпен айтамыз.

Ақпарат саласының дамыған кезеңінде елімізде қазақ тіліндегі басылымдарға сұраныс көбейіп келеді. Ұзақ уақыт бойы жүргізілген сауалнамаларға сүйене отырып, жастар арасында салауатты өмір салтын дәріптеу мақсатында спортқа икемі бар жастардың басын біріктіріп, Қазақстанда тұңғыш рет қазақ тіліндегі «Тенбіл доп» футбол апталығының ашылуы – жастар бойындағы патриоттық пен салауатты өмір салтына деген құрметтің айғағы.

Бүгінгі таңда елімізде осыған ұқсас журналдар тек орыс тілінде жарық көріп келген болса, енді жастарға арналған осы журнал арқылы Алматы және Астана секілді еліміздің ірі қалаларынан бастап, республикамыздың түпкір-түпкіріндегі ауыл жастары өз ана тілдерінде, басқа ұлттар мемлекеттік тілде футбол журналын оқу мүмкіндігіне ие болды. Басылым арқылы отандық және әлемдік футбол жайлы үлкен мағлұматтар алады. Сонымен қатар, аталған журнал ҚР Ақпарат және байланыс министрлігінде тіркеліп, №10841-Ж куәлігі берілген. Журнал А4 көлемінде жарық көреді. Алғашында іші бірынғай түспен жарық көрсе, енді оқырман іші-сырты түгелімен түрлі-түсті

апталық футбол журналын оқи алады. Биылғы жылдан бастап журналдың арнайы беті ҚазҰУ жастарының салауатты өмірінен де хабардар етуді қолға алмақ.

Міне, бұл толағай еңбек қазулық студенттер енегінің бірегейі. Ал, алда “Мен ҚазҰУ студентімін” жобасы негізінде талай студенттің игі істеріне сіз бен біз куә боламыз. Осындай салмақты ойға негізделген отырыс барысында сұрақ-жауапқа да кезек беріліп, студенттер өз замандастары туралы көп мағлұмат алды. Өз кезегінде «Бүгінгі ҚазҰУ студентінің» бойында болуы міндетті 3 қасиетті атаңыз деген сұраққа Асхат: «1-ден – сапалы білімге ұмтылыс, 2-ден – ұлттық рухты күшейту, 3-ден – үнемі ізденіс үстінде болу», - деп жауап берді.

Жаңа жобаның бірінші отырысы осылайша үлкен іске мұрындық болды. Аталмыш жоба негізінде бірнеше мың студенттің басын қосып отырған ҚазҰУ-да жаңа таланттар, жаңа есімдер танылатындығы қуантады. Алда аталмыш департаменттің ұйымдастыруымен бірнеше игі істер жүзеге аспақ. Жаңа жобаға сәттілік тілейміз!

Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаменті

## Green campus – экоинновации, чтобы завтра было!

ИННОВАЦИЯ

Будущее человечества создается сегодня, и определяется оно уровнем фундаментальной науки и образования. Основой университетского образования является глубокое и последовательное изучение закономерностей природы и общества. Но время для изучения природы истекает, и, к сожалению, скоро изучать мы будем только искусственные системы. У человечества осталось не более 10 лет, чтобы избежать экологической катастрофы и превращение Земли в незнакомую для нас планету.



Эта концепция также отражена и в Послании нашего президента Н.Назарбаева: «Главная цель всей нашей работы по подъему экономики и индустриализации – это благосостояние нашего народа!».

А от чего зависит благосостояние народа? От среды, в которой он живет. Для всего мира один воздух, одна вода, одна земля. В сложившейся экологической ситуации никто не застрахован от действия природных катаклизмов и влияния на него действия экологического дисбаланса. В чем

смысл экономического роста, если население страдает от недостатка воды, от заболеваний и природных стихий. Уже сейчас каждая страна почувствовала на себе ужас экологических бедствий и катастроф, и это только начало!

Интенсивное загрязнение воздуха, воды и почвы, деградация животного и растительного мира, истощение природных ресурсов привели к разрушению экосистем, опустыниванию и значительным потерям биологического и ландшафтного разнообразия, росту за-

болеваемости и смертности населения. Следствием подобных изменений является снижение качества жизни населения и неустойчивое развитие республики. Мы как будущее Казахстана не должны быть равнодушными к экологии нашей родины.

Что делать и что делаем мы? Сегодня студенты Казахского национального университета поднимают проблему охраны окружающей среды.

В наших руках изменить себя и помочь измениться другим! Только объединившись, мы в силах противостоять глобальным изменениям нашей Земли!

Мы создали молодежное движение Green way и осуществляем проект Зеленый Кампус.

Зеленый Кампус – это программа, направленная на привлечение молодежи к управлению своими вузами, используя экологически безопасные и инновационные методы. Этот проект воспитает в молодежи бережное отношение к природным ресурсам и станет началом для полного перехода в режим «С природой на ВЫ!».

Наш проект состоит из разных направлений, это: велодвижение, эковоспитание, энерго-

и водосбережение, рециклинг ТБО, экопитание, использование солнечных батарей, зеленые крыши и другие экоинновации.

Нами движет любовь к природе, и у нас есть энергия молодых и поддержка наших наставников в лице нашего ректора Г.М. Мутанова.

Предлагаем новый лозунг дальнейшего развития всех вузов Казахстана, в основе которого лежит экоинновация и энергосбережение!

Давайте посмотрим правде в глаза, все, что мы сейчас видели, это – последствия деятельности человека. Мы сами изменили облик Земли! Однако у нас остается еще немного времени, чтобы что-то изменить.


Так пусть движение зеленых станет новой модной тенденцией!

Именно нашими совместными усилиями гармония между людьми и природой может, наконец, стать правилом, а не исключением!

Сауле ИШАНГАЛИЕВА, студентка 4-го курса биологического факультета, руководитель экодвижения студентов КазНУ им. аль-Фараби



# PhD докторантура бағдарламасы – Президент қамқорлығындағы серпінді жобалардың бірі



**Елбасының өкілеттілігін ұзартуға байланысты реформа тұрғысында халық басым көпшілік дауыспен қолдайтындығын көрсетті. Мен бұл жаңалықты Стамбұл қаласында PhD докторлық бағдарламасына сәйкес, Мимар Синан көркем өнер және мәдениет университетіне ғылыми-зерттеу сапарымның барысында естідім. Түркиядағы қазақ қандастарымыздың аталмыш референдумды қолдап жазған хатын, олардың, жалпы Түркия азаматтарының Елбасымызға деген ыстық ықыласы мен зор құрметін көзбен көрдім. Бұл менің ертеңгі күнгі сенімдімді асқақтатты.**

Синан атындағы көркем өнер және мәдениет университетінің тарихы тереңде. 1882 жылы негізі қаланған университетке атақты сәулетші архитектор Синан есімі берілген. Осман империясының тарихы мен университет тарихының тығыз байланысы осыдан көрінеді. Жалпы университеттің ректораты Босфор бұғазының жағасында орналасуымен ерекше, ал бірқатар факультеттер Стамбұлдың орталығы саналатын Шишле мөлтекауданында орналасқандығын да атап өткен жөн. Аталмыш университетте барлық факультеттердің бірінші курсында міндетті пән компоненті ретінде терминология, ислам архитектурасы, түркі мифологиясы, жерорта теңізінің мифологиясы, иконография, батыс мифологиясы, исламға дейінгі түркі өнері, өркениеттер тарихы, Еги-

пет, Анадолы, Греция және Римнің сәулет өнері мен мәдениеті, түрік және ағылшын тілдерінің оқытылатындығы таңдандырды.

Сапар барысында «Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам және әлем модельдері» тақырыбындағы PhD докторлық диссертацияның материалдары бойынша зерттеу және ақылдасу жұмыстары жүргізілді. Шет елдік ғылыми жетекші, философия докторы, Мимар Синан атындағы көркем өнер және мәдениет университетінің профессоры Ахмет Ташағұлдың «Көне түркі өркениеті және жаһандану» тақырыбына арналған дәрістері таңдалды. Стамбұл қаласының Мимар Синан университетінің кітапханасы, Ислам зерттеу орталығының кітапханасы, Таксим Ататүркі кітапханасы, Визит орталығының

кітапханасы, ұлттық кітапхана секілді орталық кітапханаларда докторлық диссертациясының ғылыми теориялық бөліміне байланысты декретер базасы толықтырылды. Профессор Ахмет Ташағұлмен бірлесіп, ежелгі түркілердің мәдениетіне қатысты қытай деректерімен жұмыс жасалынды. Зерттеу тақырыбы бойынша бірнеше ғылыми мақалалар дайындап, ғылыми жарияланымдарға ұсынылды. Зерттеу сапарының тағы оңтайлы нәтижесі ретінде «Түркі дүниесін зерттеу қоғамының» директоры Саадет Пынар ханыммен кездесуді атап өтуге болады. Кездесу негізінде зерттеу қоғамы жанына шығатын «Түркі дүниесінің мәдениеті және тарихы» ғылыми журналына мақалалар жариялауға мүмкіндік алынды.

Танымдық негізде Шығыс Рим, Византия, Осман империясының астанасы болған Стамбұл қаласының өркениет ошақтарына айналған әлемге әйгілі Сұлтан Ахмет мешіті, Топқапы сарайы, түрік-ислам мәдениетінің мұражайы секілді көптеген мәдениет орындарында болып ірі сәулет өнерінің зәулім ескерткіштерін тамашаладым.

Қара теңіз бен Мәрмәр теңізін Босфор бұғазы арқылы біріктіріп, осы негізде Азия мен Еуропаны бөліп тұрған әлемдік метрополия саналатын Стамбұл қаласына, Мимар Синан атындағы көркем өнер және мәдениет университетіндегі ғылыми-зерттеу тәжірибем жемісті болды, ең бастысы ғылыми тұрғыда қол жеткізілген мақсаттарға жоғары баға берілді.

PhD докторантура бағдарламасы отандық таңдаулы ұлттық университеттермен қатар, әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттерінде және халықаралық ғылыми зертханаларда жас ғалымдарға ғылыммен айналысуға мүмкіндік беретін, ҚР Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей қамқорлығымен жүзеге асырылған серпінді жобаларының бірі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты екенімді мақтан тұтамын және ғылыми зерттеу тәжірибенің жүзеге асырылуына мүмкіндік берген университет басшылығына алғысым зор!

**Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,**  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ «Мәдени антропология»  
мамандығының 3-курс  
PhD докторанты

## ПРОСТОЙ И КОСМИЧЕСКИЙ ГОРОД ХЬЮСТОН

**Хьюстон – четвертый по населенности город в США. Но обилие людей, как выяснилось позднее, не является гарантом мегаполисности: город не производит впечатления крупного архитектурного массива. При более детальном рассмотрении Хьюстон оказался больше похож на разросшуюся до гигантских размеров деревню. Одноэтажная Америка, о которой писали еще Ильф и Петров, а затем объездили Познер с Ургантом.**

Местом моей стажировки был Центр изучения и лечения рака им. М.Д.Андерсона. Это весьма именитое заведение. Имея в своем распоряжении шестнадцать тысяч служащих, этот раковый центр больше напоминает небольшой городок, чем медицинское учреждение: огромное главное здание, соединенное с вспомогательными корпусами системой наземных переходов, несколько филиалов, разбросанных по Медицинскому центру - вся эта махина поражает сложностью и организованностью своей работы.

Здесь лечатся и предупреждаются онкологические заболевания. Здесь же находится один из лидирующих центров по изучению рака на всех доступных уровнях - от проведения клинических испытаний новейших лекарств до исследования фундаментальных молекулярных механизмов жизнедеятельности клеток. Все это - многомиллионные ресурсы, тысячи людей, движущиеся, словно шестеренки в огромном механизме, имеют единую и четкую цель - сделать рак историей. Making cancer history - таков девиз и кредо этого гиганта, в котором посчастливилось работать многим, в том числе и мне.

С точки зрения удобства работы научного сотрудника, связавшего свою жизнь с изучением рака, трудно найти более комфортное место. Отличная материальная база, компетентные специалисты, истинно-научная атмосфера - таковы идеальные условия для роста молодого ученого.

Как патриот своей страны я надеюсь, что такой форпост как Казахский национальный университет им. аль-Фараби, докторантом которого я являюсь, возьмет на вооружение лучшие достижения этого центра науки и практической помощи рядовому человеку. Выражаю благодарность своим научным руководителям, докторам Амангельды Куанбаевичу Бисенбаеву и Досу Джурмуханбетовичу Сарбасову, университету и моей любимой кафедре генетики и молекулярной биологии за помощь в реализации моей докторантуры, за возможность расширить свои компетенции, набраться опыта научного, педагогического управления и познакомиться с простым и космическим городом Хьюстоном.

**Рахан АЙМБЕТОВ,**  
PhD докторант

**Ақпанның 3 жұлдызында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті физика факультетінің «Ядролық физика» мамандығының 405, 407 топ студенттері куратор-эдвайзер Фарида Бексұлтанқызы Белисарованың жетекшілігімен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын қызу талқыға салды.**

## Болашақтың іргесін қалауда физиктердің үлесі зор

Біз ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына қадам бастық. Президентіміз еліміздің ішкі және сыртқы саясатын, экономикасын нығайтуда, Қазақстан халқының рухани-мәдениетінің дамуын қамтамасыз ету мақсатында, соның ішінде қазақ тілін дамытуда, сол сияқты білім беру, денсаулық сақтау және халықтың тұрмыстық әл-ауқатын жақсарту, ауыл шаруашылығын жоғары деңгейге көтеру және сондай тағы да басқа маңызды мәселелерге тоқталып, қорытындылады.

Қазақ елінің болашағы мен қоғамының құрылысшылары – жас студенттер қауымы өз елінің өткеніне, бүгінгіне және болашағына сын көзбен қарай отырып, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз тәуелсіздік алғаннан бері 20 жылға жуық уақыт аралығында еліміздегі әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелер, сондай-ақ, денсаулық сақтау, білім беру саласындағы жеткен жетістіктер мен 2020 жылға жоспарланған міндет-мақсаттар туралы ой-түйіндерімен танысып, өз көзқарастарын ортаға салды.

Жоғарыда айтылған барлық

көрсеткіштерге назар аударатын болсақ, осының бәрі елбасымыздың ұшқыр саясаты мен тынымсыз еңбегінің арқасында екенін бүкіл халық мойындайды. Сол еңбектің нәтижесіне биыл ТМД елдерінің ішінде алғаш рет біздің мемлекетімізде VII қысқы Азияда ойындарының өтуі мен ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі сияқты зор іс-шаралары ойдағыдай атқарылғандығы айқын дәлел.

Қорыта айтқанда, топ студенттері Президент Нұрсұлтан Әбішұлының басшылығымен еліміздің күннен-күнге дамып, көркейіп, халықаралық алып елдер мойындаған, әлем назарын аударатын өзіндік тұғыры мен болашағы бар елге айналғанымызды сор сеніммен айтты. Сондай-ақ Елбасымыздың саясатын қызу қолдайтындықтарын, жолдауда айтылған мақсаттарға Президентіміздің көрегендік саясатының арқасында жететіндігімізге сенімдерін білдірді.

**Ф.Б. БЕЛИСАРОВА,**  
куратор-эдвайзер, физика  
факультетінің доценті

